



Орындаған : Құрманбаева Қ.Б  
Қыздарбек Д.Е  
Тексерген : Калдина С.С



**КазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY — ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

- Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі – «ПетроҚазақстан» үшін бірінші орында тұрған басымдық. Бүгін компанияда иық тірескен халықаралық ұжым жұмыс істейді, оның мүшелерін жұмылдыратын күш– біртұтас корпоративтік рух, қалыптасқан дәстүрлер және табысқа жетуді нысанаға алу. «ПетроҚазақстан» компаниясы қызметкерлер құрамын дайындауға үлкен көңіл бөледі. Тек соңғы екі жылдың өзінде-ақ біз үш мыңнан астам адамды, яғни өз қызметкерлеріміздің әрқайсысын дерлік оқытып, қайта дайындықтан өткізе алдық. Біздің әлеуметтік бағдарламаларымызда дарынды жастарға қолдау жасау, бұқаралық спортты дамыту, балалар үйлеріне, қоғамдық қорларға, зейнеткерлер мен мүгедектерге көмек көрсету ісі ерекше орын алады. Әлеуметтік саладағы біздің қызметіміз қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобаларсыз олқы болар еді. Біз газды пайдаға жарату бағдарламасын іске асырудың соңғы сатысына жеттік, бұл бағдарламаның мәні мен маңызы мұнай-газ саласының ауқымында да, сондай-ақ жалпы республикада да ешқандай күмән тудырмайды.«Тіршілікті қозғалыс пен тазалықпен көркемдейміз»– «ПетроҚазақстанның» осы қағидасын біз бизнесте және қоғам алдындағы өз міндеттемелерімізді орындаған кезде ұстанамыз

Жауапкершілік арқылы үйлесімге ұмтылу» – осы сөздер «ПетроҚазақстан» компаниялар тобының корпоративтік ұстанымын барынша дәл бейнелейді. Біз қоршаған ортамен, заңнамамен, қызметкерлерімізбен, жергілікті тұрғындармен, сондай-ақ адамгершілік қағидаларымен үйлесім табуға ұмтылуды өзіміздің басты мақсатымыз деп санаймыз. Ештеңеге карамастан, қайткенде де пайданы көбейту – мұндай саясат «ПетроҚазақстан» үшін мүлде жарамайды



# БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



- «ПетроҚазақстан» компаниясының әлеуметтік жауапкершілігінің ірге тасы компанияның жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында қызметкерлердің денсаулығын қорғау, оқыту мен дайындау бағдарламалары арқылы адами ресурстарды дамыту, сондай-ақ кешенді басқару жүйесін ендіру жолымен қоршаған ортаны қорғау болып табылады. «ПетроҚазақстан» компаниясы Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының – компанияның өзі қызмет ететін, оның қызметкерлері тұратын және жұмыс істейтін аймақтардың халқы алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті толық көлемде ұғынады.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- Мұнай өндіру мен мұнай өңдеу саласы экологиялық тәуекелге байланысты, оларды жете бағаламау қайғылы салдарларға әкеліп соғуы мүмкін. Компанияда қоршаған ортаны қорғау мәселелерін бизнесті жоспарлау ісіне кіріктірген жүйе әзірленді. Кен орындарындағы газды пайдаға жарату мәселелерін тиімді шешу қажет болғандықтан, компания газды пайдаға жаратудың кешенді бағдарламасын әзірледі, ол Қарағанды облысының Ұлытау ауданының аумағын (Оңтүстік Құмкөл кен орны), Қызылорда облысының Жалағаш ауданын (Арысқұм, Қызылқия кен орындары) қамтиды. Бағдарламаның іске асырылуы кен орнының табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға, қаттың қуатын жоғарылатуға, сонымен қатар атмосфераға шығарылатын зиянды заттарды азайтуға мүмкіндік береді.

## Бағдарламаны іске

асырудың тікелей экологиялық нәтижесі төмендегілер болып табылады:

- Зиянды шығарындылардың азаюы
- Ілеспе газды қатқа айдаудың есебінен жылыжайлық газдардың ауаға шығарылуының кемуі
- Бағытталған жер сілкіністері орын алу қатерінің азаюы
- Қаттағы минералданған судың қоршаған ортаға келтіретін кері ықпалының әсері

- ◎ ПҚҚР компаниясы газды пайдаға жарату бағдарламасымен қатар төмен радиобелсенді қалдықтардың сұйық және жартылай сұйық фракцияларын КЭБ-08 қондырғысында пайдаға жарату жобасын, сондай-ақ Құмкөл кен орнындағы ластанған қалдықтарды компостқа айналдыратын учаскедегі мазут сіңген топырақты тазартуды жүзеге асыруда. Құмкөл кен орнындағы ТҚҚ полигонын кеңейту және Құмкөл мен Арысқұм кен орындарындағы ағынды суларды тазартуға арналған биологиялық тоғандарды кеңейту жобалары басталды. Арысқұм кен орнындағы ТҚҚ полигонының жұмыстық жобасы, сондай-ақ төмен радиобелсенді қалдықтардың қоймасын қайта құру жобасы табысты аяқталды

Компанияның басты экологиялық міндеттерінің бірі – халықаралық менеджмент жүйелерін ендіру. ПҚОП компаниясында сертификациялық аудит сәтті аяқталып, ISO 14001:2004 экологиялық менеджментіне сәйкестік туралы сертификат алынды.



- Шымкент мұнай өңдеу зауытында жыл сайын өртке қарсы және экологиялық қауіпсіздікті арттыру жөніндегі іс-шаралар атқарылады. Компания мұнай өнімдерін құю мен қотару эстакадаларын электрлік жарықтандыру жүйесін қайта құруды іске асырды. Құю эстакадаларының көтергіш металл құрылмаларына құрылымдық оттан қорғаныс орнатылды. Зауыттың және Ақдала буландырғыш тоғанының аймағындағы жер асты суларының күйін қадағалайтын ұңғымалардың экологиялық мониторингі орындалды. Жер асты суларының ластануын болдырмауға бағытталған жоба іске асырылды.



Өндірістік объектілердегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – компанияның ең негізгі міндеттерінің қатарында тұр.

- Табиғат қорларын тиімді пайдалану жұмыстарына инвестицияларды салу арқылы «ПетроҚазақстан» компаниясы барлық өндіріс объектілері мен іргелес аумақтардағы экологиялық жағдайды жақсартуға жол беретін инфраструктура объектілерін тұрғызумен қатар Қазақстандықтар үшін жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашады. Өндірістік үдерістердің қоршаған ортаға келтіретін ықпалын азайту мақсатында компания жыл сайын табиғатты қорғау шараларына, халықаралық стандарттарға сай келетін ресурс үнемдеуші технологиялар мен үрдістерді ендіруге айтарлықтай қаражат бөліп отырады. Тиісті жоспарда қарастырылған және Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») Энергетика министрлігінің мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция жөніндегі комитетімен келісілген осы іс-шаралар толық көлемде және белгіленген мерзімдерде іске асырылады.

- «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (бұдан әрі – «ПҚОП») өндірістік жұмысын ҚР-ның табиғатты қорғау туралы заңнамасына, сондай-ақ Энергетика министрлігінің нормативтік-рұқсаттық құжаттарға және кәсіпорынның экологиялық саясатына сәйкес жүзеге асырады. Еңбекті, қауіпсіздікті және экологияны қорғау департаменті зауытта қолданылатын еңбекті, қауіпсіздікті және экологияны қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың мұқият сақталуын қамтамасыз етеді. «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (бұдан әрі «ПҚҚР») – «ПетроҚазақстан» компаниялар тобының құрамындағы бизнес бөлімшенің бірі ретінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі саясатты ұстанатын мұнай өндіруші кәсіпорын болып табылады. Осы саясаттың аясындағы негізгі міндеттемелердің бірі – кәсіпорын әрекетін жүргізу барысында қоршаған ортаның ластануын тиімді түрде болдырмау және оған тигізілетін әсерді бақылау.



# «ПҚОП» компаниясының қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі жетістіктері:

- 1. Экологиялық оқиғалардың орын алмауы.
- 2. Қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың бекітілген нормалардан асырылмауы.
- 3. 2015 жылы зауытта күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында «ПҚОП» жарақаттар мен апаттардың болмауын қамтамасыз етті.
- 4. Жоғары басшылықпен «ПҚОП» компаниясының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы 2015 жылға арналған Мақсаттары мен міндеттері жетілдіріліп, бекітілді.
- 5. 2014-2018 жылдары аралығына кешенді экологиялық бағдарлама жетілдірілді.
- 6. «ПҚОП» компаниясында 2014 жылғы жылыжай газдары түгенделді. Аккредиттелген тәуелсіз орган тарапынан материалдардың тексерісі өткізіліп, нәтижесінде жағымды қорытынды шығарылды.
- 7. «ПҚОП» компаниясында 2014-2015 жылдары 1 273 653 тонна көлеміндегі жылыжай газдарын шығаруға рұқсат беретін сертификаты бар. 2014 жылдың есептік кезеңінде шығарылған жылыжай газдарының нақты көлемі 603 711 тоннаны құрып, жылыжай газдарының шығарылуына қатысты квоталарды таратудың 2014-2015 жылдарға арналған Ұлттық жоспарымен орнатылған көлемнен асқан жоқ.
- 8. Қолданыстағы жабдықтарды қолдану арқылы гравитациялық әдіспен мұнай шламының 548 тоннасы қайта өңделді.
- 9. Тазарту құрылғыларында көлемі 1 385 495 м<sup>3</sup> тазартылған пайдаланған су қайта өңделіп, соның ішінде өртке қарсы жүйеге көлемі 604 080 м<sup>3</sup> пайдаланған су қайтарылды, қайтару нәтижесінде таза судың баламасында 99 млн. 836 теңге үнемделді.
- 10. Ультрасүзу және қайта осмос қондырғыларын, айналмалы сумен қамтамасыз ету жүйесіне арналған тазартылған, пайдаланған суды кейіннен тазартуды пайдалану арқылы өндірістік пайдаланған суды ауқымды тазартудың механикалық және биологиялық қондырғыларын қамтитын «ПҚОП» тазарту қондырғыларын қайта құру жөніндегі жобалық шешімдердің нұсқаларын талқылау жұмыстары жүргізілуде.

Аймақтық деңгейде «ПҚҚР» қазіргі таңда өндірістік қызметтің қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз ықпалын әлдеқайда төмендетуге жол беретін табиғатты қорғау объектілерінің ең кең ауқымына ие болып келетін жалғыз мұнай өндіруші кәсіпорын. Осындай объектілерге:

1. Құмкөл кен орнындағы пайдаланған суды тазартуға арналған биологиялық тоғандар;

2. Арысқұм кен орнындағы пайдаланған суды тазартуға арналған биологиялық тоғандар;

3. Құмкөл кен орнындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау, қайта өңдеу және көміп тастау полигоны;

4. Арысқұм кен орнындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау, қайта өңдеу және көміп тастау полигоны;

«ПетроҚазақстан» компаниясы әлеуметтік экологиялық жобаларға белсенді түрде қатысады. Қоғамдық бірлестіктермен бірге қала аумағында және компанияның құрылымдық бөлімшелері бар өндірістік объектілерде ағаштар мен жасыл көшеттерді отырғызу науқандары жыл сайын жүргізіледі. «ПетроҚазақстан» компаниясы мұнай-газ бен энергетикалық кешен аясындағы «KAZENERGY» Қазақстан ұйымдары бірлестігінің Экология, әлеуметтік жауапкершілік және айқындық мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің белсенді мүшесі болып табылады.

5. Құмкөл кен орнындағы құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеу учаскесі;

6. Құмкөл кен орнындағы төмен радиоактивті қалдықтарды уақытша сақтау объектісі;

7. Қызылқия кен орнындағы бұрғылау қалдықтарын қабылдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату учаскесі жатады.

---

**Назарларыңызға рахмет !**